

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы N 69 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1173 қаулысымен бекітілген 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. "КАД-про" жауапкершілігі шектеулі қоғамы (Ресей) сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы" мерейтойлық медальдарына арналған футлярларды беруші болып белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - кәсіпорын) заңнамада белгіленген тәртіппен:

кәсіпорынның 2005 жылға арналған қаражаты есебінен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды; ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсаудың қағидатын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3, 4-тармақтарын сақтауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі